

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«Мирас» университеті

Педагогика, өнер және тілдер факультеті

Педагогика және дизайн кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Университет ректоры

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»

Факультет Педагогика, искусства

Кафедра Педагогика и дизайна

УТВЕРЖДАЮ

Ректор университета

Мырзалиев Б.А.
(Ф.И.О.)

« 31 » 2017ж.г.

6М010300 – «Педагогика және психология»
мамандығы бойынша
Ғылыми және педагогикалық бағыт
МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
МОДУЛЬНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
по специальности
6М010300 – «Педагогика и психология»
Научное и педагогическое направление

Оқу бағдарламаның дәрежесі:
Уровень образовательной программы:

Магистратура (Ма)
Магистратура (Ма)

Оқу мерзімі (оқу үлгісі):
Срок обучения (форма обучения):

2 жыл (күндізгі)
2 года (очная)

Оқудың басы:
Начало обучения:

2017-2018 оқу жылы
2017-2018 учебный год

Ғылыми Кеңес мәжілісінің хаттамасы
Протокол заседания Ученого Совета

№ Хаттама от
Протокол № 10 « 31 » 05 2017 ж/г.

Модульдік білім беру бағдарламасы 6М010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 2012 жыл 23-ші тамызда № 1080 ҚР-сы Үкіметінің Қаулысымен бекітіліп, МЖБС жоғарғы оқу орнынан кейінгі біліміне сәйкес құрастырылған (2016.13.05. берілген өзгерістермен), ҚР БҒМ-нің м.а. 2013 жылғы 16-шы тамыздағы № 343 бұйрығымен бекітілген (2016.05.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) 6М010300 – «Педагогика және психология» мамандығының типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған.

Модульдік білім беру бағдарламасы 2017 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіліп, университеттің Оқу Кеңесімен ұсынылды, хаттама № 10 31.05.2017 ж.

Өзірлеушілер:

1. Омарова Г.А., п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының доценті
2. Шоманбаева А.О., п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының доценті
3. Махмутова Г.И., п.ғ.к., педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы
4. Атемова К.Т., п.ғ.д., педагогика және психология кафедрасының профессоры
5. Исакова С.А., № 17 М.Ю. Лермонтов атындағы жалпы орта мектеп директоры

Бұл Модульдік білім беру бағдарламасы «Мирас» университетінің меншігі болып табылады және университеттің білім беру қызметіндегі ішкі қолданысына арналған

МАЗМҰНЫ

1	Модульдік білім беру бағдарламасының төлқұжаты.....
1.1	Білім беру бағдарламасының мақсаттары және міндеттері
1.2	Білім беру бағдарламасының сипаты.....
1.3	Мамандарды болашақта жұмысқа орналастыру.....
1.4	Бітірушінің кәсіптік сипаттамасы.....
1.4.1	Кәсіптік қызмет саласы.....
1.4.2	Кәсіптік қызмет нысандары.....
1.4.3	Кәсіптік қызмет пәндері.....
1.4.4	Кәсіптік қызмет түрлері.....
1.4.5	Кәсіптік қызмет функциялары.....
1.4.6	Кәсіптік қызметтің типтік міндеттері.....
1.4.7	Кәсіптік қызмет бағыттары.....
1.4.8	Кәсіптік қызметтің мазмұны.....
2	Оқыту нәтижелері және негізгі құзіреттіліктер.....
2.1	Оқыту нәтижелерінің картасы.....
2.2	Компетенция дескрипторларын білім беру бағдарламасының модульдеріне оқыту нәтижесімен түйіндестіру қалыптамасы.....
3	Модульдік білім беру бағдарламасының мазмұны.....
3.1	Оқу үрдісінің кестесі.....
3.2	Модульдік білім беру көлемінің бағдарламасымен игерілген кредиттер санын көрсететін жиынтық кесте.....
3.3	Білім беру бағдарламасының картасы.....
4	Оқуға қабылдау ережелері.....
5	Білім алушылар жетістіктерін бақылау түрі.....

1 Модулдік білім беру бағдарламасының паспорты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Ғылыми және педагогикалық магистратура тереңдетілген ғылыми-педагогикалық дайындығы бар, ғылыми сала мен жоғарғы, жоғары оқу орнынан кейін білім беру жүйелері үшін ғылыми және педагогикалық мамандарды дайындауда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Басты мақсат: қоғамның мәдени және әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық қарқынды дамуын қамтамасыз ететін және өз бетінше ойлауға қабілетті, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттері, терең ғылыми және педагогикалық дайындығы бар, жоғарғы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйелері мен ғылыми-зерттеу секторларына кадрлар дайындау.

Білім беру ұстанымы білім және ғылымның негізгі ұстанымына сәйкес құрылады және магистранттардың академиялық ұтқырлығына және олардың еңбек рыногына жақсы бейімделуіне бағытталған.

Курс, бағдарламалар, бағалау критерийлерінің айқындығы мен қарым-қатынасының халықаралық стандартқа сәйкестігі.

Мамандық пәндерін оқытудағы білім беру стратегиясының тұтастығы және әртүрлілігі түсіндіріледі:

- негізгі концепциялар, бірегейлік, курс ұйымдастыру, сонымен қатар бақылау құралдары мен формаларының, бағалау критерийлерінің түйісуінің барлық факультеттер үшін бірегейлігі;
- кафедралардың сұранысына байланысты нақты бір курс мазмұнын ұйымдастыру кезінде әр түрлі факультеттердің нақты мақсаттары мен міндеттерін ескеретін стратегияның икемділігі, сонымен қатар негізгі курсты таңдау бойынша курстармен толықтыру;
- заманауи білім беруді жаңғырту талаптарына сай келетін, әдістемелік тәсілдер, білім беру әдістері мен тәсілдері кешені ретінде түсіндірілетін пәндерді оқытуда қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалану.

Пәнаралық үйлесімдік үлесімі білім алушының санасы қоршаған орта көрінісі мен заттарды тұтас қабылдауы кезінде олардың қайталануын және қалыптастыруын болдырмау мақсатында әр түрлі пәндердің тақырыптарын үйлестіруді талап етеді. Нәтижесінде жалпы ғылыми пәндермен қатар мамандық пәндерін оқу барысында қарым-қатынастың кәсіби саласында коммуникативтік біліктілігін қалыптасыру үшін оңтайлы жағдайлар құрылады.

Кәсіби бағытталу (мамандығын есепке алу) қағидаты оқу жоспарының пәндер бойынша сабақтарында білім алушының кәсіби қызығушылығын және болашақ мамандықты есепке алуды қарастырады.

Заманауи білім беруді жаңғырту білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі тұжырымдамалық жағдайы ретінде күзіреттілік жақындастыруды көздейді.

Осы тұжырымдамаға сәйкес, аталған бағдарламаны ендіру мақсаттары болып төмендегілері табылады:

1. болашақ жоғары мектеп оқытушыларында негізгі кәсіби біліктілігін қалыптастыру;
2. магистранттардың эксперимент жүргізудің барлық кезеңдері аясында өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін алғышарттар жасау;
3. ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби қызметінде отандық және шетелдік тәжірибені қолдану, үрдістер мен құбылыстарды талдауда қолданыстағы концепциялар, теориялар мен тәсілдерін сыни сараптау, өзінің педагогикалық қызметінде жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясы білімдерін қолдану қабілеті.

Магистрдың (білім берудің екінші деңгейі) кәсіби қызметтерінің түрлеріне байланысты МББ келесідей міндеттерді шешеді:

Ғылыми-зерттеу және ғылыми-ізденушілік қызметі саласында:

- әртүрлі саладағы ғылыми-әдістемелік нысандарда жұмыс істеу, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жобаларын жасау, модельдеу, ұйымдастыру;
- магистранттың әдіснамалық мәдениетін қалыптастыру, педагогика және психология мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу және ұйымдастыру дағдыларын алу;
- педагогика және психология саласы бойынша ғылыми жобаларға қатысу дағдыларының қалыптасуына жағдай туғызу;

Оқыту-тәрбиелеу және білім беру саласында:

- жоғары мектеп педагогикасының заманауи әдіснамасын игеру;
- мектеп, колледж, ЖОО және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыру;
- оқыту-тәрбиелеу үрдісінде тұлғаны әлеуметтендіру;
- жалпы білім беру мекемелерінде психологиялық-педагогикалық пәндерді оқытуда педагогикалық қызметтердің негізгі білімдерін практикалық қолдану;
- оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын педагогикалық үрдістердің заңнамаларына, принциптеріне, тәрбиелеу механизмдеріне сәйкес іске асыру;
- белгіленген стандарттарға сәйкес заманауи тәсілдер, құралдар мен технологиялар негізінде оқыту-әдістемелік материалды құрастыру;
- сабақтан тыс тәрбие жұмысын жүргізуді жоспарлау;
- тәрбиелік міндеттерді нақты шешу;
- оқушылар ұжымымен, аталған сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдермен, ата-аналармен жақсы қарым-қатынаста болу;
- оқу үлгерімін бақылаудың электрондық формалары, оқытудың әртүрлі формаларын іске асыру.

Ұйымдастыру-басқару іс-әрекеті саласында:

- мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары дұрыс шешім қабылдау үшін сараптамалық ақпаратты дайындау және талдау; дерекқорлармен және ақпараттық жүйелермен жұмыс жасау;
- ақпаратты талдау және сараптау қабілеттілігі, үйлесімді қорытынды жасау, арнайы терминологияларды дәл қолдану, клиенттің ерекшелігін ескере отырып психологиялық нұсқауды түсінікті тілде және қолайлы етіп тұжырымдау;
- ұйымдастыру-басқару іс-әрекетінде теориялық білім және тәжірибелік шеберлікті меңгеру.

Сараптама-тұжырымдамалық іс-әрекет саласында:

- тұжырымдамалық орталықтарды, қоғамдық, мемлекеттік ұйымдарды және баспасөз ақпараттарының тәжірибелік іс-әрекеттеріне арнап ақпараттарды дайындау және өңдеу.

1.2 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрін дайындау деңгейі, оқыту жүктемесінің көлемі, білім беру мазмұнының талабына сәйкес аталған білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012 ж. №1080 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғарғы білім беру стандарты негізінде жасалынған.

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығының Білім беру бағдарламасы «білім беру» дайындығы бағытындағы маман түлектеріне қажетті негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың жаңа тәсілдемесін ұсынады.

Білім беру бағдарламасы ғылыми-зерттеу және ғылыми-ізденушілік, оқу-тәрбиелік және білім беру, ұйымдастыру-басқарушылық, сараптамалық-талдау жұмыстарын орындауды дайындықтауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ұлттық жоғарғы білім беру жүйесін Болон процессіне біріктіру үшін жағдай жасау және мүмкіндік беруге бағытталған, бұл еуропалық және халықаралық білім беру кеңістігімен үйлесуге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы ұлттық білім беру бағдарламасының әлемдік танылуын, білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушы құрамы мен оқушылардың академиялық ұтқырлығы үшін жағдай жасауды, сонымен қатар білім беру сапасының жоғарылауын қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасы ұлттық білім беру бағдарламаларының халықаралық мойындалуын, білім беру ұйымының профессорлық-оқытушылық құрамы мен оқушылардың академиялық ұтқырлығы үшін жағдайлар түзуі, сонымен қатар білім сапасының жоғарылауын қамтамасыз етеді.

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистратураның білім беру бағдарламасы дайындау бағытына сәйкес жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайлары мен меңгеру талаптарын анықтайтын оқу-әдістемелік құжаттар мен материалдар кешені болып табылады.

Білім беру бағдарламасы мамандарды дайындауда күзіреттілік үлгі негізінде құрастырылған, бұл жұмыс берушінің талаптары мен еңбек нарығы қажеттілігін қамтамасыз етеді. Аталған үлгі бітірушілердің басты күзіреттілігін сипаттауды, олардың дайындық деңгейі мен нақты кәсіби міндеттерін орындауға дайындығын көрсетеді.

Магистратураның білім беру бағдарламасы модульдік оқыту принципі негізінде құрылымдалады.

Магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы білім беру мазмұнын анықтайтын әртүрлі оқу және ғылыми жұмыс түрлерінен құрастырылады.

Магистратураның білім беру бағдарламасы құрайды:

1) базалық және кәсіптік пәндер циклын зерттеуді қарастыратын теориялық білім беруді;

2) магистранттардың тәжірибелік дайындығын: тәжірибенің әртүрлі түрлері, кәсіби тағылымдама;

3) магистерлік диссертация дайындығын қарастыратын ғылыми-зерттеу жұмысын;

4) аралық және қорытынды бақылауды.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендері негізінде орындалады. Мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің түрі, құрылымы мен жасалу тәртібі білім беру ұйымдарымен дербес анықталады.

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша кадрлерді дайындау келесі траекториялар бойынша жүзеге асады:

А. ЖОО-да, колледждерде, гимназияларда, ғылыми-зерттеу институттарында және мекемелерінде педагогика және психология оқытушысы, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу;

Б. Әртүрлі білім беру ұйымдарында оқушылардың жеке-тұлғалық дамуы, тұғаның әлеуметтенуі салаларындағы педагог-психолог маман;

В. Білім беру ұйымдары мен даму орталықтарында ұйымдастыру-басқарушылық және әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттер.

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша күндізгі оқу түрі үшін МББ-ын игеру мерзімі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.08.2012 ж. №1080 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғарғы білім беру стандарты мен ҚР БЖҒМ 05.07.2016 ж. №425 «Жоғары және жоғары оқу орнына кейінгі мамандық бойынша типтік оқу жоспарын бекіту жөніндегі» (мамандық бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан соң білім берудің типтік оқу жоспарының тізбесіне 171 қосымша) бұйрығымен бекітілген мамандықтың типтік оқу жоспары негізінде 2 жылды құрайды.

1.3 Мамандарды болашақта жұмысқа орналастыру

Бітіруші мынадай ұйымдар мен мекемелерге жұмысқа тұру мүмкіндігіне ие:

- орта жалпы білім беруші және мамандандырылған мектептерде, колледждерде, гимназияларда, білім беру бөлімдерінде;
- ғылыми-зерттеу ұйымдарында (институттарда);
- мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде (кәсіби біліктілікті арттыру, баспаларда);
- кеңес беруші психологиялық орталықтарда, оқу орындарында (зертханашы, кабинет меңгерушісі, кеңесші, менеджер және т.б.) және т.б.

1.4 Біліктілік сипаттамасы

1.4.1 Кәсіби қызмет саласы

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистрдің кәсіби қызмет саласы:

- білім беру мекемелерінде оқыту-тәрбиелеу үрдістерін жобалау;
- тәрбиеленушілердің тұлғалық және әлеуметтік қалыптасу мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер;
- білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын қалыптастыру.

1.4.2 Кәсіби қызмет нысаны

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистрдің кәсіби қызмет нысанадары болып табылады:

- зерттеу институттарындағы ғылыми-зерттеу қызметі;
- ЖОО-да, білім беру ұйымдарында оқушылар мен студенттерді оқыту және тәрбиелеу үрдісі, жеке-тұлғалық дамуы, тұлғаның әлеуметтендірілуі, білім берудің инновациялық технологиялары;
- әртүрлі типті және түрлі білім беру ұйымдарында оқушылар, педагогтар мен ата-аналарға психологиялық-педагогикалық тұрғыда көмек беру;
- педагогикалық колледждер, бастауыш және орта мамандырылған нысандар;
- арнайы коррекциялық нысандар (мектеп-интернаттары, дене және ақыл кемістігі бар балалар мен жасөспірімдер сыныптары).

1.4.3 Кәсіби қызмет пәні

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистрдің кәсіби қызмет пәні болып табылады:

- мақсат, міндет, мазмұны, оқыту және тәрбие формаларын ұйымдастыру, нәтижелері;
- Қазақстан Республикасы білім беру концепциясының талаптарын іске асыру жолдары;
- әлеуеттік қабілетті дамыту мақсатында жеке тұлғаны және психиканың когнитивті саласын зерттеу;
- тұлғалық-бағытталған білім беруді іске асыру арқылы жеке және жіктеліп тіл табу.

1.4.4 Кәсіби қызмет түрлері

6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрлері келесідей кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- ғылыми-зерттеу және ғылыми-ізденушілік;
- оқу-тәрбиелік және білім беру;

- ұйымдастыру-басқарушылық;
- сараптама-тұжырымдамалық.

1.4.5 Кәсіби қызмет функциялары

6М010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі мынадай функционалдық міндеттерді атқаруға дайын болуы тиіс:

- білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- білім беру үрдісін ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету;
- білім беру мекемелеріндегі ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- әлеуметтік-педагогикалық әрекет;
- осы бағыттағы бітірушілерге қатысы бар ЖОО-ындағы, педагогикалық колледждердегі, қосымша мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндегі білім беру ұйымдарындағы білім беру қызмет.

1.4.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

Кәсіби қызметтің типтік тапсырмалары:

- білім алушылардың тұлғасын дамыту және қалыптастыру бойынша қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау;
- ұлттық және әлемдік стандарттар талаптарына сәйкес білім беру сапасын жоғарылату;
- психологиялық-педагогикалық үздік технологияларды меңгеру және оны өз тәжірибесінде қолдану;
- педагогика және психология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- стандарттық ғылыми және кәсіби міндеттерді шешу;
- ұйымдарда тәжірибелік мәселелерді ғылыми сараптау және шешу және ұйымдар мен өндірістерде іс-әрекеттерді басқару.

1.4.7 Кәсіби қызметтің бағыты

- оқушылар мен студенттер ұжымын ұйымдастыру, оқушыларды, студенттерді оқыту және тәрбиелеу;
- заман талабына сай оқу үрдісін үш тілде ұйымдастыру;
- болашақ мамандарды тұлға ретінде қалыптастыру, ата-аналар қоғамымен қарым-қатынас орнату, білім беру концепциясы талаптарын іске асыру;
- ғылыми-теориялық білімін және кәсіби біліктілікті жетілдіру;
- әртүрлі конференцияларға қатысу;
- жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені қорытындылау;
- психодиагностикалық жұмыстар, психокенестер, психотерапия, психотүзету, психоемдеу.

1.4.8 Кәсіби қызмет мазмұны

6М010300 – «Педагогика и психология» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрінің кәсіби кұзіреті мен негізгі құндылықтары ретінде кәсіби қызметінің мазмұны:

ЖОО-да, колледждерде, гимназияларда, ғылыми-зерттеу институттарында және мекемелерінде педагогика және психология оқытушысы, ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу: ортаның және адамның физикалық, психикалық және әлеуметтік денсаулығының жан-жақты әрекеті туралы білім жүйесін меңгеру; ғылыми танымның түрлері мен әдістерін білу, қоршаған ортаның әртүрлі танымдық әдістері мен меңгерілуін иелену; ғылымның даму мен әлеуметтік тәжірибенің әрдайым өзгеруі жағдайында өзіндік психологиялық

ұстанымды түсіну қабілеттілігі және жұмыстың оңтайлы түрлері мен әдістерін таңдай білу; білімнің пәнаралық салаларында жұмыс жасау үшін психологиялық және ғылыми-әдістемелік дайындығын көрсету қабілеттілігі; гуманитарлық және әлеуметтік ғылым саласында негізгі білімдерді меңгеру және әртүрлі кәсіби және әлеуметтік іс-әрекеттерде оларды пайдалану; жазбаша және ауызша түрде өз жұмысының нәтижелерін қорытындылай білу; әлеуметтік-тұлғалық және коммуникативтік дағдыларын меңгеру; дамыған ойлау мәдениетін игеруге қабілетті болу; мәдениеттің негізгі құндылықтарын түсіну және сақтау; өзінің кәсіби және әлеуметтік тәжірибесін сыни қайта қарауға қабілетті болу; тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын меңгеру; көпмәдениетті қоғамда өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру; өз бетінше жұмыс, педагогикалық (ғылыми-педагогикалық) ұжымда жұмыс жасай білу; басқа саладағы (медицина, физиология, социология және т.б.) мамандармен жұмыс жасай білу; халықаралық ортада жұмыс жасай білу; зерттеу дағдыларын меңгеру; жобаларды жасау және басқаруды білу; білімді пәндер алуандығымен біріктіре білу; кәсіптік қызметтің теориялық және қолданбалық бағыттағы дайындықты қамтитын біліктілікті арттырудың жеке бағдарламасын жасау және іске асыру қабілеттілігі; зерттелетін феноменнің пәнаралық байланыстарын анықтау қабілеті; алға қойылған ғылыми-зерттеу мәселелерін шешу үшін қажетті әдістемені жасау және апробациялау қабілеттілігі; білім берудің өзекті психологиялық мәселелері бойынша дөңгелек үстел немесе ғылыми-әдістемелік семинар өткізу және ұйымдастыруға дайындығы мен қабілеттілігі.

Әртүрлі білім беру ұйымдарында оқушылардың жеке-тұлғалық дамуы, тұлғаның әлеуметтенуі салаларындағы педагог-психолог маман: психодиагностика, кеңес беру, психотехника және психологиялық түзетуді білу; тұлғаның психологиясы, жалпы психология, балалар және жас ерекшелік психологиясы, инженерлік психология мен еңбек психологиясы, психофизиология, арнайы психология мен клиникалық психология, білім берудің тәжірибелік психологиясы мен әлеуметтік психологиясы дағдыларын меңгеру; осындай көмекті көрсетуге мұқтаж жеке адамдарға психологиялық көмек көрсете білу; басқару жүйелерінде, мемлекеттік қызметтер мен бұқаралық ақпарат құралдарында кең ауқымды мәселелерді шеше білу; заманауи психологиялық теорияларды, тұлға ерекшеліктерінің қолданбалы зерттеулерін білу; әртүрлі психологиялық бағыттар мен теориялардың мазмұнын білу; білім беру мекемелерінде педагогикалық үрдістерді ұйымдастыру барысында психологиялық-педагогикалық көмек көрсете білу; әртүрлі санатты отбасылармен, әртүрлі жастағы балалармен әлеуметтік-педагогикалық әлеуметтік-психологиялық іс-әрекеттерді шешуді іске асыруда оңтайлы жолдарын негіздей білу; ерекше қажеттілігі бар балалармен дифференциалды тексеру және психологиялық түзету жүргізу дағдыларын меңгеру; студенттер арасында тиісті өзара әрекеттестік жасау, топта жұмыс істей білу, кез-келген көзқарасқа төзімділік таныту, әрбір адамның сөз бостандығына деген құқығын сақтау, оның қадір-қасиетін құрметтеу дағдыларын игеру; практикалық кәсіптік қызметте педагогика және психологияның теориялық заңдылықтарын пайдалана білу; жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелерінің қызметіне қолдау көрсету дағдыларын иелену.

Білім беру ұйымдары мен даму орталықтарында ұйымдастыру-басқарушылық және әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттер: әртүрлі әлеуметтегі әртүрлі санатты балалармен жұмыс жасауда әлеуметтік-педагогикалық қызметтің әдістемесін және технологиясын білу; адамдардың топтары мен құрылымдарын (отбасы, шағын топ, мектеп ұжымы, құрдастар ұжымы және т.б.) зерттейтін социологияны білу; білім беру мекемелерінде педагогикалық үрдістерді ұйымдастыру барысында психологиялық-педагогикалық көмек көрсете білу; әртүрлі санатты отбасылармен, әртүрлі жастағы балалармен әлеуметтік-педагогикалық әлеуметтік-психологиялық іс-әрекеттерді шешуді іске асыруда оңтайлы жолдарын негіздей білу; ерекше қажеттілігі бар балалармен дифференциалды тексеру және психологиялық түзету жүргізу дағдыларын меңгеру; логикалық ойлай білу, қорытындыларды тұжырымдай білу, талдап қорыта білу; өмірлік

және кәсіби дағдыларды өз бетінше жинақтай білу; психикалық даму заңдылықтары туралы теориялық білімді пайдалана білу; әртүрлі мәселелерді шешу барысында қызметтің операциянды құрамын жасай білу, білімді меңгеру критерийлері мен жағдай заңдылықтарын анықтай білу; тұлғааралық қарым-қатынас жүйесінде табысты қызмет жасай білу; тұлғаның, таланттар мен қабілеттіліктерінің дамуына әсер ету, білім алушылардың (тәрбиеленушілер, балалар) жалпы мәдениетін құрастыру, әлеуметтік ортаны педагогизациялау қабілеттілігі; әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-терапевтік және басқа да айрықша үрдістерде үлкен жүктемелерге төзе білу, эмоционалды тұрақтылық, дұрыс эмоциялардың басымдылығы болуы, тұлғалық мазасызданудың болмауы, психологиялық күйзелістерді төзе білу қабілеттілігі; жатырқамаушылық, адамдармен өзара қарым-қатынасқа бейімделу, мейірімділік, білуге құмарлық, адамдармен жұмыс жасауға қызығушылық, өз көзқарасын қорғауда тұрақтылық, оптимизм, даулы жағдайлардан шыға білу, ынталылық, жүйкелік-психикалық тұрақтылық, өзін-өзі бақылау, өзіне сын көзбен қарау мен өзін-өзі бағалау білу қабілеттілігі сияқты кәсіби маңызды қасиеттерін иемдене білу; тіл тапқыштық, көзбен шолулық, шешендік, және т.б. қасиеттерді көрсете білу; психологиялы, моральдық, эмоциялық күйі мен денсаулығына қажет ететін балалар үшін орталықтарда, кешендерде, қызметтер мен басқа да мекемелерде оңалту қызметін көрсетуге бағытталған әлеуметтік-сауықтыру көмектерін көрсету.

2 Оқу нәтижелері және негізгі құзіреттіліктер

Дублиндік дискрепторларды ескере отырып білім беру нәтижесі бойынша 6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша міндетті:

Білу және түсіну (Дескриптор А):

- көбіне ғылыми зерттеулер контексіндегі өзіндік дамуы немесе идеяларды қолданудың негізі немесе мүмкіншіліктері болып табылатын, жоғары білім беру деңгейінде алынған тұжырымдамалық білімдері мен түсініктерін жария ету;
- ҚР білім беру жүйесіне қатысты нормативті-құқықтық базасының мазмұнын (заңдар, концепциялар, халықаралық келісімдер, стандарттар, нұсқаулар, ережелер және т.б.);
- мемлекет пен қоғам тарапынан маман тұлғасына қойылатын кәсіби талаптар, білім беру саясатының заманауи басымдықтарын;
- білім беру мекемелеріндегі оқыту, тәрбиелеу және жетілдірудің теориялық-әдіснамалық негіздерін;
- педагогикалық үрдісті біртұтас басқару негіздерін;
- білім беруді жетілдірудің перспективаларын;
- білім берудегі инновация, педагогика және психология негіздері, оқыту теориясы, педагогикалық және психологиялық пәндерді оқытудың әдістері мен құралдарын;
- қазіргі заманғы білім беру технологияларының мәні, кәсіби білім беруді ұйымдастырудың халықаралық және отандық тәжірибесін;
- жоғары білім беру жүйесінің әлемдік жетістіктерін;
- кәсіби іс-әрекет шарттарында психологиялық заңдылықтар мен тұлғааралық әрекеттестіктің тетіктерін;
- педагогикалық құбылыстар мен үрдістердің заңдылықтарын;
- ғылыми және педагогикалық зерттеулердің әдіснамасын;
- ғылыми нәтижелерді тәжірибеге ендіру бойынша қолданбалы, іргелі ғылыми-зерттеу қызметтерінің негіздерін;
- заманауи сатыдағы педагогикалық және психологиялық ғылымдардың даму жағдайын;
- педагогика және психология саласындағы Қазақстан ғылыми мектептері туралы;
- басқару құзіреттіліктері туралы, мектеп педагогының іс-әрекеті мен санасының мінез-құлқын, аксиологиялық, дүниетанымдық, тұлғалық-кәсіби қасиеттерінің

қалыптасқандығын сипаттайтын қажетті білім, білік, дағдылар көлемі туралы, жоғарғы мен қосымша білім беруді ұйымдастыру.

Алынған білімді түсіну және пайдалану (Дескриптор В):

- зерттелетін саласымен байланысты кең ауқымды (немесе пәнаралық) және контекстердегі жаңа немесе белгісіз жағдайларда мәселелерді шешуде білімін, түсінігін және қабілетін пайдалану;
- үздіксіз, жүйеленген білім беруді жүзеге асыру, білім беру жүйесі үшін оқу және оқу-әдістемелік материалдарды жасаудың әдіснамалары мен әдістерін пайдалану;
- оқу-тәрбиелік бағдарламаларды жүзеге асыруды ұйымдастыра білу;
- этно- және полимәдениетті ортада төзімділік қарым-қатынас тетіктерін пайдалана білу;
- білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін диагностикалаудың ғылыми негізделуін іске асыра білу;
- қазіргі заманғы оқыту әдістерін шығармашылық негізде қолдана білу, тактикалық және жедел бақылауды іске асыру;
- білім беру құралдары ретінде тілдердің (сөйлеу, тыңдау, оқу, хат) жазбаша және ауызша түрлерін іске асыру;
- қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар қолдану дағдыларына ие болу.

Тұжырым түзу (Дескриптор С):

- студенттердің дамуы мен оқу жетістіктерін бағалау және мониторинг жүргізе білу;
- зерттеу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыра білу;
- ұйымдастыру-басқарушылық іс-әрекеттің теориялық білімдері мен практикалық білігіне ие болу;
- студенттерді ғылыми жұмыстарға жұмылдыра білу;
- іс-әрекет және құлықтық бағдарламалар дайындауда педагогикалық міндеттерді орындаумен байланысты шешімдер қабылдай білу;
- педагогикалық және ғылыми іс-әрекет мәселелері бойынша кең ауқымды, белсенді, шығармашылық байланыстар орната білу;
- ғылыми зерттеулерді жүргізу технологияларын меңгере білу және ғылыми жұмыстардың материалдары мен нәтижелерін жариялау;
- өз ойларын сауатты, еркін және түсінікті түрде тұжырымдай білу, қорытынды және жалпылама тұжырым жасай білу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеу және бағалау;
- іс-әрекеттің межелік және қорытынды нәтижелерін бағалау қабілеті;
- білімді біріктіру, этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере және осы білім мен пікірлерді пайдалана отырып толық емес немесе шектелген мәліметтер негізінде қиындықтармен күресу және пікірлер шығару;
- маман еместер мен мамандарға өз шешімдері мен білімдерін және олардың негізделуін нақты және түсінікті жеткізу.

Коммуникативтік қабілет көрсету (Дескриптор D):

- педагогикалық және әлеуметтік коммуникация әдістерін білу;
- мемлекеттік тілді және ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілін жетік меңгеру, сондай-ақ шет тілдерінің бірін пайдалана білу;
- басқа адамдармен қарым-қатынаста болу, оларға түсінікті болу, емін-еркін араласу;
- педагогтар ұжымымен, ата-аналармен, балалармен тиімді қарым-қатынас құру қабілеттілігі;
- белсенді тыңдау, жақын ара-қатынасты орнату, алынған жауапқа қызығушылық білдіру және оған селқос қарамау;
- өз іс-әрекетінің нәтижелеріне сыни көзбен қарай алу қабілеттілігі (жетістіктері мен кемшіліктерін байқай алу, олардың себептерін анықтап, алдағы уақытта жұмыс істеудің ықтимал жолдарын табу);
- оқыту саласына қарай білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік

жағдайлары ойдағыдай болу үшін оқыту үрдісін дұрыс жобалау және ұйымдастыру қабілеттілігі;

- қамтамасыз ету тәсілдерінде әрдайым білімін жаңарту, кәсіби дағдылары мен іскерліктерін кеңейту.

Оқу дағдылары мен үйренуге мүмкіндігі бар (**Дескриптор Е**):

- педагогикалық мәселелерді диагностикалау;
- педагогикалық және психологиялық мәселелерді шешуге қажетті ақпаратты жинау және сараптама түрін таңдау;
- педагогикалық мәселе бойынша жеке және топтық жұмысты ұйымдастыру;
- педагогикалық іс-әрекет бойынша есеп беру және жоспарлау ;
- бакалавриат пәндері бойынша оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау;
- дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологиялар негізінде дәрістер, СӨЖ, ОБСӨЖ, тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.

6М010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі келесі **біліктіліктерді алу қажет:**

Әмбебап құзіреттіліктер (ӘҚ):

ӘҚ-1 Тілдік саладағы біліктіліктер

- Ойды еркін және дұрыс білдіру, сондай-ақ ғылыми мақалаларды, техникалық мәтіндерді және құжаттаманы аудару қабілеті. Тілдер білімін интеграциялау және оларды дұрыс, қисындық тұрғыдан байланысқан ауызша және жазбаша түрде білдіру.

- Сындарды диалог құру, көп мәдениетті, көп этносты және көп конфессиялы қоғамда қатынасу қабілеті, педагогикалық ынтымақтастыққа дайын болу.

- Қатынастың оқу саласында, ғылыми, кәсіптік және әлеуметтік-мәдени саласында коммуникация жасау үшін, кәсіби халықаралық қатынастың қалыптасқан мамандандырылған терминологиясы шеңберіндегі коммуникация құралы ретінде тілдерді білу.

- Монологтық және диалогтық ауызға және жазбаша мәтіндерден: кәсіби және жалпығылыми қатынастың әртүрлі салаларындағы сұхбаттардан, дәрістерден, таныстырымдардан, телефон арқылы сөйлесуден өзге тілдік ақпаратты түсіну және алып шығару қабілеті.

- Кәсіби бағдарланған орташа қазақ, орыс және шет тілдеріндегі ақпаратты толығымен және нақты түрде түсінуге қол жеткізу, дереккөздерден алынған ақпаратты жазбаша түрде рефераттау және аннотациялау дағдысы.

- Кем дегенде бір шет тілін кәсіби деңгейде білу.

ӘҚ-2 Ақпараттық-коммуникациялық құзырет

- Қызмет пен өзара іс-қимылды ұйымдастыру әдістерін қолдана отырып, келісілген шешімдерді қабылдау үшін жауапкершілік тарту қабілеті.

- Өз бетінше зерттеу жүргізу, заманға сай аппаратура мен есептегіш құралдарды қолдану қабілеті, ұжымда жұмыс істеу дағдылары, кәсіби тұрғыдан бейімделу қабілеті.

- Келіссөз жүргізу, коммуникация қабілеті, жобаларды басқару, мәселелерді шешу сияқты басқару дағдылары мен қабілеттерін және команда құрамында жұмыс істеу икемдігін, ұжымның шығармашылық қабілеттерін белсенді ету әдістерін, сондай-ақ абстрактты және жүйелі ойлау қабілетін көрсете білу.

- Ақпараттық өзара іс-қимыл жасаудың, кәсіби салада коммуникациялық әрекеттерді жасаған кезде ақпаратты алудың, сақтаудың, қайта өңдеудің, түсіндірудің және трансляциялаудың негізгі тәсілдері мен құралдарын меңгеру, ақпараттық-

коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу дағдысының болуы: ақпаратты қабылдау және әдістемелік тұрғыдан жалпылау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау қасиеті.

- Команда құрамында жұмыс істеу қабілеті: басқа адамдармен тез және оңай тіл табысу, ой мен сезімді дәлме-дәл білдіру, іс-әрекетті ұжымның мүшелерімен келістіру, көзқарасты дұрыс қорғай білу, шешімді ұжыммен бірге қабылдау, қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешудің жаңа нұсқалары мен тәсілдерін ұсыну.

- Келіссөздерде делдал болу, қақтығыстарды басқару, білімнің басқа салаларындағы мамандармен өзара іс-қимыл жасау қабілеті. Қақтығыстарды шешу және келіссөз жүргізу қабілеті. Ымыраға келу, өз пікірін ұжымның пікірімен салыстыру қабілеті.

- Ғылыми ақпаратты өңдеудің және түсінудің заманға сай әдістерін қолдану қабілеті.

- Нәтижелі диалогқа қабілеттілік, жеке эмоцияларды, сезімдерді, жүріс-тұрысты басқару; ықтимал шиеленіскен тұлға аралық қарым-қатынасты болжай білу, қақтығыс жағдайынан шыға білу, іскерлік жағдайларда қатынастың оңтайлы стилін тандай білу.

- Сөйлеу қабілетін, педагогикалық үдерісте ақпаратты ұсынудың вербальды әдісі ретінде меңгеру: еркін диалогты сауатты түрде құру, ақпараттық монолог құра білу.

- Өз-өзін көрсету әдістерін, белгіленген мақсаттарға жету үшін бірлескен қызметті ұйымдастыру мақсатымен оқушылармен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасау техникасы мен тактикасын меңгеру, педагогикалық үдерісте өзара іс-қимыл жасаудың тиімділігінің нәтижесін болжай білу және дәлелдей білу.

- Кәсіби қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды пайдалану.

ӘҚ-3 Әлеуметтік-әдептік құзыреттер

- Кәсіби әдеп талаптарын білу және осы талаптарға сәйкес әрекет етуге дайын болу; әдепті жүріс-тұрыс ережелерінен шегінуге төзімсіздікке ие болу (оның ішінде басқа тұлғаларға қатысты жағдайда да); әдепті жүріс-тұрыс ережелерін сақтауға қатысты азаматтық жауапкершілік пен талаптылыққа ие болу.

- Жинақталған тәжірибені сыни тұрғыдан бағалау және қайта түсіну, кәсіби және әлеуметтік қызметке жауап қайтару қабілеті.

- Басқаларға толерантты болу және оларды құрметтеу.

- Өз-өзін дамытуға және жаңа экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайларға бейімделуге талпыну, моральдық, психологиялық тұрғыдан ұтқыр және бейім болу.

- Әлеуметтік және кәсіптік міндеттерді шешу кезінде философиялық мәселелерді талдау және бағалау қабілеті. Болашақ кәсіптің әлеуметтік маңызын түсіну, кәсіби қызметті орындауға тұрақты жоғары ынтаға ие болу.

- Ынта қою және мәселелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерін таба білу.

- Процестер мен құбылыстарды зерттеуге қолданыстағы концепция, теория және тәсілдерді сыни сараптау.

- Жаратылыстану (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) ғылымдарының өзекті әдіснамалары мен философиялық мәселелерін білу.

ӘҚ-4 Экономикалық (кәсіпкерлік) құзырет

- Қызмет пен өзара іс-қимыл жүйелерін, әлеуметтік және экономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару әдіснамасын құру қабілеті.

- Ұлттық және халықаралық ортада өндірістік немесе қолданбалы қызметті жүзеге асыру қабілеті.

- Бастамаға және кәсіпкерлікке қабілеттілік.

- Өз қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды қолдану қабілеті.

- Тауарлар мен қызметтер нарықтарында конъюнктураны бағалай білу.
- Салалық, өңірлік және халықаралық нарықтардың күйі мен ерекшеліктерін талдау және бағалау қабілеті.
- Сыртқы ортаны және даму келешегін анықтау үшін компаниялардың бәсекелесу қабілетін талдау қабілеті.
- Жаһандану үрдістерінің қарама-қайшылығы мен әлеуметтік-экономикалық салдары туралы білім.
- Әлемдік бизнес-әріптестіктің экономикалық, саясат, құқықтық, мәдениеттік және технологиялық орталары туралы білім

ӘҚ-5 Ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттер

- Өңірлік және салалық масштабтағы құрылымдардың әрекет ету және даму стратегиясын құруды, оны іске асыру шарттарын ұйымдастыруды қарастыратын басқару қызметін жүзеге асыра білу.
- Нәтижеге жету үшін жауапкершілік тарту қабілеті.
- Жұмысшылардың қызметі мен өзара іс-қимылының тұжырымдамаларын, стратегияларын, атқарымдық үлгілерін құру әдіснамасы туралы, акмеологиялық тәсілдемелерді қолдана отырып, міндеттер мен мәселелерді қою және жүйелі түрде шешу тәсілдері туралы білімдерді тәжірибе жүзінде қолдана білу.
